

80

ЖЫЛ



*Құрметті Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
ректоры және университет ұжымы!*

Осыдан сексен жылы бұрын еліміздің теріскейіндегі халықты білім нәріне сусындату үшін бұған Манап Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің іргемасы қаланғаны баршамызға аян. Осы сегіз онжылдықта университет еліміздің іргелі, еңселі де беделді білім шаңырағына айналып, аталмыш оқу орнын бітіріп шыққан түлектер Қазақстанның ел болып қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлестерін қосып келеді. Еліміз егемендігін алғаннан бергі жиырма алты жылда тәуелсіздігіміздің тұңғышын биіктеме түсу жолында аянбай қызмет етіп жүрген мыңдаған маман иесі бұған мемлекетіміздің мақтаныштары. Облыстың ірі жоғары оқу орны, ғылыми орталығы және мәдени-гуманитарлық мекемесі ретінде университет педагогикалық қатынастың жаңа моделін қалыптастыру сияқты мемлекеттің маңызды бағыттарында болашақтың перспектикалық жоспарын құра білуде. Бүгінгі жетістіктің бәрі жылдар бойы шаңырақтың беделін үстемелеп келе жатқан білікті де білімді оқытушылар ұжымының еңселі еңбегі.

Университеттің ел тарихына сіңірген еңбегін жоғары бағалай отырып, білім шаңырағының сексен жылдық торқалы тойына арнап ізгі тілегімізді, зор ризашылығымызды жеткізгіміз келеді. Жидеуі уақытта да алаға қойған мақсаттарыңызды жүзеге асыра отырып, жоғары білім берудің биік шыңдарынан көріне берулеріңізге тілектеспіз! Ол үшін Сіздердің материалдық жағдайларыңыздың, оқытушылық-профессорлық құрамыңыздың мүмдігі мол деп білеміз.

Бүгінде тарих қойнауына енген сексен жылды мерейлі уақыт деп санап отыра, айтулы датамен университеттің барша ұжымын шын жүректен құттықтаймын! Білімнің ордасына айналған қара шаңырақ, еліміздің экономикасы мен әлеуетін дамытуға қызметін арнайтын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісін одан әрі жалғастырып, жеделі еңбек етуіне тілектеспін!

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі.*

А. Сағадиев

